

Әкімдіктің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 28 наурыздағы № 157 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 сәуірде № 6999 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 101 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5567 болып тіркелген, 2015 жылғы 13 мамырда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған);

2) "Әкімдіктің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 101 "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 555 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6154 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 қаңтарда " Қостанай таңы" газетінде жарияланған).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұхамбетов